



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ  
ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

А.БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ  
ҚОСТАНАЙ Өңірлік университеті



ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ МӘДЕНИЕТ БАСҚАРМАСЫНЫҢ "ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСТЫҚ  
МЕМОРИАЛДЫҚ МҰРАЖАЙЫ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "КОСТАНАЙСКИЙ ОБЛАСТНОЙ МЕМОРИАЛЬНЫЙ  
МУЗЕЙ ИБРАЯ АЛТЫНСАРИНА" УПРАВЛЕНИЯ КУЛЬТУРЫ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

## АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ИННОВАЦИЯ, БІЛІМ, ТӘЖІРИБЕ-БІЛІМ  
БЕРУ ЖОЛЫНЫҢ ВЕКТОРЛАРЫ»  
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ  
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ  
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

## МАТЕРИАЛДАРЫ

І КІТАП

## АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

## МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ  
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ  
КОНФЕРЕНЦИИ  
«ИННОВАЦИИ, ЗНАНИЯ,  
ОПЫТ – ВЕКТОРЫ  
ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ТРЕКОВ»

І КНИГА



Қостанай, 2023

УДК 37.02  
ББК 74.00  
И 63

## РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ/ РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

**Куанышбаев Сеитбек Бекенович**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры, география ғылымдарының докторы, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының мүшесі;

**Жарлыгасов Женис Бахытбекович**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор;

**Скударева Галина Николаевна**, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Мәскеу облысындағы МОУ «Мемлекеттік гуманитарлық-технологиялық университеті» ректорының м.а.; Ресей Федерациясының жалпы білім беру ісінің құрметті қызметкері, Ресей;

**Бережнова Елена Викторовна**, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Мәскеу халықаралық мемлекеттік қатынастар институты, Ресей;

**Ибраева Айман Елемановна**, «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ жетекшісі;

**Онищенко Елена Анатольевна**, «Педагогикалық шеберлік орталығы» жекеменшік мекемесінің Қостанай қаласындағы филиалының директоры;

**Демисенова Шнар Сапаровна**, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі;

**Утегенова Бибикуль Мазановна**, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының профессоры;

**Смаглий Татьяна Ивановна**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің, педагогика ғылымдарының кандидаты; педагогика және психология кафедрасының қауым.профессоры;

**Жетписбаева Айсылу Айратовна**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Ы.Алтынсарин атындағы әдістемелік кабинетінің меңгерушісі.

«Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары»: 2023 жылдың 17 ақпандағы Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. I Кітап. – Қостанай: И 63 А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023. – 1081 б. = «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков»: Материалы международной научно-практической конференции, 17 февраля 2023 года. I Книга. – Костанай: Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023. – 1081 с.

ISBN 978-601-356-244-5

Жинаққа «Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары» атты Алтынсарин оқулары халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары енгізілген.

Талқыланатын мәселелердің алуан түрлілігі мен кеңдігі мақала авторларына заманауи білім беруді жаңғырту мен дамытудың, осы үдерісте қазақ ағартушыларының педагогикалық мұрасын пайдаланудың жолдарын, мұғалімдерді даярлаудың тиімді технологиялары мен форматтарын әзірлеу мен енгізу мәселелерін, ақпараттық қоғамдағы білім беру кеңістігінің ерекшеліктерін айқындауға, сондай-ақ педагогтердің инновациялық қызметінің тәжірибесін жинақтауға, педагогикалық үдеріс субъектілерін психологиялық-педагогикалық қолдауға мүмкіндік берді.

Бұл жинақтың материалдары ғалымдарға, жоғары оқу орындары мен колледж оқытушыларына, мектеп мұғалімдері мен мектепке дейінгі тәрбиешілерге, педагог-психологтарға, магистранттар мен студенттерге қызықты болуы мүмкін.

В сборнике содержатся материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков». Многообразие и широта обсуждаемых проблем позволили авторам статей определить векторы модернизации и развития современного образования, использования в данном процессе педагогического наследия казахских просветителей, вопросов разработки и внедрения эффективных технологий и форматов подготовки учителей, специфики образовательного пространства в информационном обществе, а также обобщения опыта инновационной деятельности педагогов, психолого-педагогической поддержки субъектов педагогического процесса.

Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям вузов и колледжей, учителям школ и воспитателям дошкольных учреждений, педагогам-психологам, магистрантам и студентам.

ISBN 978-601-356-244-5



9 786013 562445

УДК 37.02  
ББК 74.00

© А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023  
© Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023



түлкі» атты мысал – өлеңдері арқылы қазақ қоғамында етек алған келеңсіздіктерді сынға алды. [4, б. 84]

Ыбырай Алтынсариннің ұстанымдары педагогикалық қағида, шарттары күні бүгінге дейін бала тәрбиесінде маңызды. Қарапайым халықты ойлап, елінің алдында өшпес қызмет жасап кеткен тұлғаның мұралары мәңгі өшпес. Ұрпақты тәрбиелеудегі қосқан үлесі ұшан теңіз. Негізін қалап берген білім беру жүйесі, жылдан жылға мәртебесі өсіп, оның аясы кеңіп барады. Жасөспірімдерді тәрбиелеу жас кезінен дұрыс баулу мәселесіне көп көңіл бөлді. Қазақстанның қазіргі рухани – мәдени дамуына оның шығармалары өз өзектілігін жоғалтқан жоқ. Жас ұрпақ оны ағарту ісінің ұйымдастырушы ретінде таниды. Ыбырай атамның мұрасы ғасырлар бойы ұрпақты тәрбиелеуге септігін тигізеді.

Ыбырай Алтынсарин халқының игілігі үшін қызмет етіп, дарындылығын, мәдениетке қабілеттілігін дәлелдейді. Жастардың болашаққа деген сенімін қолдады. Оның педагогикалық тәрбие қиялдары мен мектеп системасы ғылым мен жалпы білімді жоғары бағалауға, балаға сүйспеншілікпен қарап, оны қадірлеуге және халқының мүддесі үшін қызмет істей алатын жас адамдарды дайындауға негізделіп жазылған және де бүгінмен үндесіп, Мәңгілік еліміздің болашақ азаматтарын тәрбиелеуге зор үлесін қосты десек, қателеспейміз. Қазіргі таңда ұстаздың сабағында жаңа технология әліс – тәсілдері оқушыларды ортамен қарым – қатынас жасай білуге, басқаны тыңдай білуге, топта тұжырымға келу, жауапкершілікке, енбектенуге үйретеді. Ыбырай ұстазымыздың да ұсынған әдістемесінің негізі осы емес пе. Жазушының алға қойған мақсаты – қайткен күнде де «қалың елі, қазағым» терезесі тең көсегеді, көргенді мәдениетті, өнері өркендеген ел қатарына қосу болатын. Осы жолда сан кедергілерге кездесіп, «мыңменжалғыз алысы», аңсаған арманға жету жолында бойдағы бар күш қайратын, ақыл парасатын сарп еткен Ыбырай да қалың бұқараны шынайы қамқоршылары бола білді. [5, б. 11]

Ыбырайдың шығармашылығы жас ұрпақтың рухы мен сана – сезіміне, дене дамуына пайдалы екенін көбінен жартысы түсінбейді және шығармаларды көбі оқымайды. Сондықтан мен оқушыларға Ыбырай ұстазымыздың педагогикалық еңбектерін әрдайым оқуға кеңес бере едім.

Ыбырай Алтынсариннің алға қойған мақсаты – қайткен күнде де «қалың елі, қазағым» терезесі тең көсегеді, көргенді мәдениетті, өнері өркендеген ел қатарына қосу болатын. Осы жолда сан кедергілерге кездесіп, аңсаған арманға жету жолында бойдағы бар күш қайратын, ақыл парасатын сарп еткен Ыбырай да қалың бұқараны шынайы қамқоршылары бола білді. Ыбырай идеяларын дамытып, қоғамда пайдалана білу үлкен бір жетістік.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Газет – журналдар: Алтынсарин Ы. «Өнер–білім бар жұрттар». Алматы, Жалын 1991 ж.
2. Ыбырай Алтынсарин. Шығармалар жинағы. Алматы, 1994 ж.
3. Қазақ хрестоматиясы, 2007ж., «Білім» баспасы
4. Қазақ әдебиеті 10–сынып «Арман ПВ» баспасы 2014 ж.
5. Ғаламтор <https://kk.wikipedia>.

ӨОЖ 37.034

### **ЫБЫРАЙ ШЫҒАРМАЛАРДАҒЫ РУХАНИ – АДАМГЕРШІЛІК ҚҰНДЫЛЫҚТАР**

*Бекмағамбетова Айжан Сапабековна  
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі  
Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасының  
«Әулікөл ауданы білім бөлімінің  
Әулікөл кешкі жалпы орта мектебі» КММ  
Әулікөл ауданы, Әулікөл селосы, Қазақстан  
E – mail: aishan10@mail.ru*

#### **Аңдатпа**

*Өзектілігі: Бұл мақалада жастарға рухани адамгершілік тәрбие берудегі өз халқы үшін жар құлағы жастыққа тимей, оқу – ағарту жолында аянбай еңбек еткен Ұлы ағартушы Ы.Алтынсариннің шығармаларының жас ұрпаққа берер ғибраты мол, асыл мұра екендігі жайлы сөз болады. Оның шығармалары арқылы жастарды жақсылыққа, биік адамгершілік қасиетке тәрбиелеу.*

*Түйінді сөздер: Ы.Алтынсарин шығармалары, рухани – адамгершілік құндылық, ұлттық тәрбие, келешек ұрпақ.*

#### **Аннотация**

*Актуальность: В данной статье речь пойдет о том, что произведения великого просветителя И.Алтынсарина, который трудился на благо своего народа в духовно – нравственном воспитании молодежи –*

это великое, благородное наследие, подрастающему молодому поколению. Через труды Алтынсарина нужно воспитывать доброжелательность и высокие нравственные качества у детей.

**Ключевые слова:** произведения. Алтынсарина, духовно – нравственные ценности, национальное воспитание, будущее поколение.

#### Abstract

*Relevance: This article is about the most prominent Kazakh educator Ybyrai Altynsarin. Here we will talk about the fact that the works of the great enlightener Y. Altynsarin, who worked for the benefit of his people in the spiritual and moral education of young people, not hurting youth, but selflessly working on the path to enlightenment, are the great, noble heritage passed on to the younger generation. We educate young people to be good with high moral qualities through his works.*

**Key words:** works of Ibray Altynsarin, spiritual and moral value, national education, future generation.

«Адамға ең бірінші керегі білім емес, тәрбие. Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның өміріне апат әкеледі» деп Әл – Фараби айтқандай, мен өз айтар ойымды ұлы ойшыл, дана Әл – Фарабидің сөзімен бастасам деймін. Сондай – ақ, осыдан сан ғасырлар бұрын Әл – Фарабидің: «Адам дүниеге келгенде таза мектеп тақтасындай болады. Тақта бетіне әр адам өз қолжазбасын жазып қалдырғандай кішкене нәрестенің де санасына өсе келе әр нәрсе жазылады. Міне, сондықтан мінез – құлық нормалары мынадай болуы тиіс: ол тым қатал да болмауы тиіс, тым ырыққа жығыла бермеуі керек. Өйткені тым қатал шәкіртті өзінің ұстазына қарсы қояды, ал тым ырыққа көне беру ұстаздық қадірін кетіреді. Оның берген білім, ғылымына шәкірт селқос қарайтын болады. Ұстаз тарапынан барынша ынталық пен табандылық қажет, өйткені бұлар жұрт айтқандай тамшысымен тас тесетін бейне бір су тәрізді» деген.

Ұстаз жаратылысынан өзіне айтылғанның бәрін жете түсінетін, көрген, естіген және аңғарымпаз ақыл иесі. Мейлінше шешен, өнерге құштар, аса қанағатшыл, жаны асқақ, ар – намысын ардақтайтын, жақындарын да, жат адамдарына да әділ, жұрттың бәріне жақсылық пен ізгілік көрсетіп, қорқыныш пен жасқануды білмейтін батыл, ержүрек болуы керек. Адамның адамгершілігі жақсы ұстаздан, ал мен үшін жақсы ұстаз бәрінен де артық, өйткені мұғалім мектептің жүрегі.

Педагог мәртебесін көтеру сол педагогтің өз қолында екенін Ыбырай бабамыз өз өнегесімен көрсетіп кетті. Ы.Алтынсаринді ұлы ағартушы – педагог деңгейіне жеткізген факторлардың бірі оның бала кезінен білуге, өздігінен білімін жетілдіруге деген құштарлығы еді. Бұған алдымен атасы Балғожа бидің ықпалы зор болды. Бала Ыбырай атасының әңгіме, ертегі, мақал – мәтелдерін тыңдап өсті. Кейін Орынбор шекара мектебінде оқып, оны үздік бітіргені мәлім. Алайда алған біліміне қанағаттанбай, өздігінен оқып – үйренуді мақсат етті. Алдына қойған мақсаттарына тынымсыз іздену, еңбектену арқылы жетіп отырды. [1, б. 63]

Бүгінгі өркениетке өркендеу кезеңінде жастарды имандылыққа, ізгілікке тәрбиелеудің аса қажеттігі пайда болған кезде Ыбырай Алтынсариннің ізгілік жөніндегі ойларын шәкірттердің жүрегіне ұялатудың және келешек ұрпақты «Ыбырай дәстүрі» негізінде тәрбиелеу қажеттігі туды.

Ақын «Өнер, білім бар жұрттар» атты өлеңінде оқу, білім алудағы мақсатты аша түседі. Балғожа сияқтылардың бала оқытқандағы арманы «ата – ананы асырау» болса, Алтынсарин оқушылардың білімді адам болғандағы мақсат – міндеттері өз халқының бір керегіне асу, оның прогрестік жолмен ілгеріленуіне жетекшілік жасау, мәдениет жағынан салыстырғанда, басқалардан бірнеше ғасырлық кейін қалған өз елін, «Тастан сарай салдырып, айшылық алыс жолдардан, көзіңді ашып жұмғанша жылдам хабар алдыратын» елдердің қатарына жеткізу деп білді. Радио, телеграф, телефон, самолет, электр т.б. техника тетіктері қазақ тілінде көп таралмаса да, ақын сол сөздерді ұғындыруға тыңнан жол салып, үлкен шеберлік танытады. Оқып білім алудағы мақсат халықтың қажетіне жарау, өз еліңді өркениетті елдер қатарына қосу деп түсіндіреді.

Ыбырай шығармаларынан қазіргі таңда да өзектілігін еш жоғалтпаған өнер – білім, тәлім – тәрбие, жамандық пен жақсылық, өтірік пен айлакерлік немесе адамгершілік пен мейірімділік сияқты кез – келген мәселелерді табуға болады. Солардың ішінде өнер – білім тақырыбында жазылған шығармаларының негізгі түйіні әлі де құнды болып отыр. Ол қазақ жастарын ең алдымен оқу, өнер – білім, техниканы игеруге шақырады («Оқысаңыз, балалар, Шамнан шырақ жағылар. Тілегенің алдыңнан, іздемей – ақ табылар»). Автор оқу – білімнің тек ізденіс, еңбекпен табылатынына мән берді. Бұған инемен құдық қазғандай ыждаһаттылық, талап пен сабырлылық қажет екенін ескертеді. Ал оқымаған надандарды ақын аз ғана сөзбен сынап, олардың ақ, қараны айырмайтын көрсоқыр екенін айтады («Оқымаған жүреді, Қараңғыны қармалап. Надандықтың белгісі – Еш ақылға жарымас»). Оқу, білімнің пайдасы қандай, ол неге керек деген мәселеге келгенде, оның өмір үшін, болашақ үшін қажет екенін талдап көрсетеді («Ата – енең қартайса, Тіреу болар бұл оқу. Қартайғанда мал тайса, Сүйеу болар бұл оқу»). Ол өнер – білімі жетілген елдердің артықшылығы қандай, олар сол өнерімен нені игеріп отыр, ертеңгі өмірдің талап – тілектері не секілді күрделі мәселелерді жастар алдына көлденең тарту арқылы оларға ой тастап, өнер – білімді батыл игеруге шақырады («Адамды құстай ұшырды, Мал істейтін жұмысты, От пен суға түсірді. Отынсыз тамақ пісірді, Сусыздан сусын

ішірді»). Ыбырай сондай – ақ Ушинский, Л.Н.Толстой, И.А.Крылов, И.Паульсон шығармаларын қазақ тіліне тәржімалап, қазақ әдебиетінде көркем аударма жанрын қалыптастырды. [2, б. 13]

Ыбырайдың өнер – білім бағытындағы ауқымды жұмысының бірі – «Қазақ хрестоматиясы» еңбегі. «Қазақ хрестоматиясы» тек сол кезең үшін ғана емес, қазірдің өзінде де мәні зор туынды. Бұл кітапқа енгізілген әңгімелерінде еңбексүйгіштік, оқуға, өнерге ұмтылу, елін – жерін қадірлеу, талаптылық, қайрат пен ерік – жігерлілік, ізденімпаздық, кішіпейілдік, махаббат, қайырымдылық, жалпылай айтқанда, адамгершілік ұғымына тән тағы басқа жақсы мінез – құлыққа тәрбиелеуге керекті мәселелерді қатмиды. Мысалы: Хрестоматияға енгізілген өлең, әңгімелердің балалардың жасына, сана – сезімдеріне лайықталып, педагогика ғылымының талап ететін мәселесінің берік сақталынуы өз алдына, сонымен қатар оқу, еңбек, талап, мейірімділік тақырыптарына лайықты әңгімелерді әдейі, саналы түрде таңдап алғандығын көреміз. Кезіндегі жағдаймен санаса отырып, Алтынсарин екі түрлі ірі мәселені алдына мақсат етіп қойды: біріншісі – мектеп ашу, бала оқыту – жалпы халықты ағарту жұмысы да, екіншісі – халықтың ой – санасын жаңалыққа қарай бейімдеу жолындағы тәрбиелік істері. [3, б. 45] «Қазақтардың білімге қолын жеткізетін ең басты құрал – мектеп». Ол кезде мектеп, оқу, оқыту мәселесіне әркім әр түрлі қарады. Халықтың Ыбырай тәрізді адал ұлдары алған білімдерін өз елін мәдениетке жетелеуге, оқу – ағарту ісін өркендетуге жұмсады. Ақын, бір жағынан, жастарды оқуға, білім алуға шақырса, екінші жағынан, өмірдің бар қызығы тек қана байлықта деп ұғатын, оқуөнер, ғылым – білімге, оның жалпы халық үшін керектілігіне еш мән бермейтін ескі көзқарас соққы берді. Өмірдегі сарқылмайтын мол байлық білім екендігін айта келіп білімге адамның қолы жету үшін ерінбей оқу, қажымай еңбек ету керектігін түсіндірді. Есті бала мен ессіз баланы қарама – қарсы қойып, жастарға кімнен үлгі алып, кімнен безу керектігін көрсетті. Ыбырай қазақ жастарын оқуға шақырумен қатар, адамгершілікке, махаббат – достыққа, еңбекке, жігерлікке, тапқырлыққа, халқын сүюшілікке шақырды. [4, б. 15]

Алтынсарин оқулықтардың білім алушылар үшін қажетті, пайдалы, ұғынықты болуын ұдайы ескертіп отырған. Бұған дәлел сөздерінің бірі: «Менің ойымша, оқу құралдарын мұғалімдермен және басқа білетін адамдармен күн ілгері сөйлесіп, таңдап алу керек сияқты, өйтпейінше оқыту және жалпы оқу жұмысын белгілі бір жүйеге салуға болмайды, ал белгілі бір жүйеге салынбаса, онда ісіміз ойдағыдай болып шықпайды». Тағы бір атап өтетін жайт: Ыбырай ұсынылған кітаптарды мұғалімдердің өздері бастан – аяқ мұқият оқып шығуға тиістігін қатаң ескертіп отырған.

Ыбырай Алтынсарин қазақ әдебиетіне мол жаңалық әкелген, жаңа жанрлар мен тақырыптар енгізген ақын, жазушы және ұлы ағартушы, қазақ балалары үшін ғылым негізін оқытатын тұңғыш қазақ мектебін ашушы қоғам қайраткері болды. Сонымен қатар болыстық бастауыш мектептер мен училищелерді ұйымдастырушы, кемеңгер ақын, қазақтың реалистік жаңа әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі, талантты зерттеуші – ғалым.

Тілмаш болып, кеңсе қызметінде қалып қоймай, халқына қызмет етуді армандап, сол арманының алғаш қадамы 1861 ж. мектеп ашуға ұмтылған сапарынан басталды. Армандаған мектептің 1864 ж. ашылуына дейін өз үйіне балалар жинап, болашақ мектеп оқуының негізін сала барді. Осы әрекеті арқылы тәжірибесі нығая түсті.

Ол өзінің айналысып жүрген жұмысын қанағат етпей, халық – ағарту ісімен тікелей шұғылдануды, ғалымдар ортасында жүруді үнемі мақсат етті. Ел көзін ашу, көкірегін ояту, ауыртпалық зардабын тартқан халықтың тағдырына аз да болса қол ұшын созуды өз борышы деп білді. Өмірінің бар саналы жылдарын оқу – ағарту ісіне арнаған жалынды педагог өзі өмір сүрген ортаның наразылығына қарсы күресе жүріп, қазақ балаларына мектеп ашу жұмысын қажырлықпен жүзеге асырды. Орынборға қарасты қазақ өлкелерінің біраз жерінен бастауыш мектеп ашып, қалалардағы орыс мектептеріне қазақ балаларын орналастыруға күш салды. Мектептер арқылы балаларды оқу – білімге тартып, олардың мәдениетті болып жетілуіне және солар арқылы ел болашағаның жарқын болуына әсер етуді мақсат тұтты. Ал, білімге баулудағы басты құрал – оқулық. Осы салада мектеп кітапханасын ұйымдастырып, оқулықтар алдырып, орыс тіліндегі құралдар аударып, қазақ тілінде оқулықтар жазып, тынымсыз істер атқарды. Оқуды баланың өзіне түсінікті тілде жүргізу пайдалы екенін жақсы білген педагог қазақ тілінде тұңғыш оқу құралын жазды. 1879 ж. Ыбырайдың хрестоматиясы жарық көрді. Ал бұл оқулықтың қазақ мәдениеті тарихында алар орны ерекше. Сонымен қатар қазақ әліпбиін орыс графикасына көшіру жолында да тұңғыш қадамдар жасады.

Ақын шығармалары арқылы әлеуметтік, гуманистік идеяны нақты мәселелер төңірегінде көтеріп, заман шындығын аша түседі. Тірліктің қызығы қайырымдылық пен әділет, достық пен татулық деп барша жанға халық аңызындағы Атымтай жомарттың игі істерін үлгі етеді. Ыбырайдың жазушы ретіндегі жаңашылдығы – қазақ әдебиетіне жаңа идея мен тың тақырыптар әкелуінде. Тәлім – тәрбие, мәдениет мәселелері Ыбырай шығармаларының арқауы болды.

Қорыта келе айтарымтәрбие адам тағдырын ойластырады, болжайды, алдын – ала адамның рухани өмірінің көптеген негіздерін сақтайды, тәрбие алыс пен жақын адамдарға және өзін қоршаған ортаға қатынас орнатады. Тәрбие ұлылар өсиетін сақтата отырып, олардың адамгершілік рухани құндылықтарын ұрпақтан – ұрпаққа жеткізеді.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Серікбай Оспанұлы. Сөнбес шырақ. Қостанай. 2016 ж. 382 бет.
2. «Ыбырай Алтынсарин» қазақ энциклопедиясы. Алматы, 2007 ж.
3. П.Сүйінкина. Ы.Алтынсарин – кәсіптік білімнің негізін салушы. Қостанай, 2018 ж.
4. «Ұлы ұстаз ұлағаты» С. Оспанұлы, Қостанай 2014 ж.

ӘОЖ 37.034

### **ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН МЕН СПАНДИЯР КӨБЕЕВТИҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИДЕЯЛАРЫНЫҢ БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫН ЖАҢАРТУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ САБАҚТАСТЫҒЫ**

*Бексултанова Алма Кабдырахмановна*  
*қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы*  
*Бейсенова Хамар Баязитовна*  
*қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы*  
*КМҚК «Қостанай политехникалық жоғары колледжі»*  
*Қостанай қаласы, Қазақстан*  
*E-mail: alma.bekmagambetova@mail.ru*

#### Аңдатпа

*Өзектілігі және мақсаты: Мақалада Ыбырай Алтынсарин мен Спандияр Көбеевтің педагогикалық көзқарастары, білім беру мен тәрбие мәселелері қарастырылады, және қазіргі білім берудегі сабақтастық туралы айтылады. Олар өскелең ұрпақтың білім беру мен тәрбие мәселелеріне ерекше назар аударған. Қазіргі уақытта ұлы ұстаздардың өзекті ойлары, олардың адамгершілікке, жоғары санаға тәрбиелеу туралы, құнды пікірлері ата – аналар мен педагогикалық қоғамдастыққа көмектеседі.*

*Түйінді сөздер: ағартушы – ұстаздар, реформалар, ұлттық мектебі, жаңа өзгерістер, жаңа технологиялар, инновациялық іс – әрекет.*

#### Аннотация

*Актуальность и цель: В статье рассматриваются педагогические взгляды Ыбырая Алтынсарина и Спандияра Кобеева, проблемы образования и воспитания, а также рассказывается о преемственности в современном образовании. Особое внимание они уделяют вопросам образования и воспитания подрастающего поколения. Мысли великих учителей в настоящее время актуальны, их ценное мнение о воспитании нравственности, высокого сознания помогает родительскому, педагогическому сообществу.*

*Ключевые слова: педагоги – просветители, реформы, национальная школа, новые изменения, новые технологии, инновационная деятельность.*

#### Abstract

*Goal: The article discusses the pedagogical views of Ibrai Altynsarin and Spandiyar Kobeev, the problems of education and upbringing, and also talks about continuity in modern education. They pay special attention to the education and upbringing of the younger generation. The thoughts of the great teachers are currently relevant, their valuable opinion on the upbringing of morality, high consciousness helps the parental, pedagogical community.*

*Key words: educators – educators, reforms, national school, new changes, new technologies, innovation.*

Адамзатты адалдыққа, турашылдыққа, ізгілік – ізет жолына бастап, ғылыми – білімге шақырған Ыбырай Алтынсарин мұрасы сан – алуан. Ол алдымен ағартушы. Оның оқу – методикалық мұралары қоғамдық, педагогикалық ғылыми көзқарастары күні бүгінге дейін өз мән – мазмұнын жоғалтқан емес.

«Сол заманнан бері қарай, біздің кейінгі ұрпағымыздың бәріне де Абай қандай қадірлі болса, Ыбырай да өз орны, өз арналы мұрасымен аса ыстық, бағалы болды», – деп М.Әуезов айтқандай, Абай ұлы ақын болса, Ыбырай ұлы ұстаз. Қазақ даласына бұрын – соңды болмаған жаңа үлгідегі мектеп ашуы, ұйымдастырушы. Қазақ тарихында педагогикалық ой пікірдің негізін тұңғыш қалаушы. Ұлы ұстаз мұрасын оқып – білу кейінгі ұрпаққа, әсіресе, болашақ ұстаздарға парыз.

Бойындағы қуатын халық мақсаты үшін аямай жұмсаған, адал жанды азамат. Ол жас ұрпаққа білім беру мен тәрбиелеу мәселесіне ерекше көңіл бөлді. Қазақ даласындағы аумалы – төкпелі заманда ұрпақ болашағын ойлап, балалар мен жас жеткіншектердің тағдырына терең үңілген ағартушы – ұстаз. Ыбырай Алтынсарин қазақ қоғамының мәдениет пен экономика жағынан мешеу кезінде өмір сүріп, халқымыздың демократиялық мәдениеті мен өнерінің бір сыпыра саласында жаңадан өсіп – өркендеуіне айқын жол ашып, негізін қалады.

Ы.Алтынсарин Қазақстандағы әлеуметтік – педагогикалық мәселелерді шешудің басты жолдары мен негізгі ұстанымдарын ұсынды. Іргесі қаланбақшы алғашқы мектеп құрылысын, тұңғыш берілетін білімнің бағыт – бағдарын айқындады, қалың бұқараға оның мазмұны мен маңызын түсіндірді, бастауыш мектепке оқу – құралдарын әзірледі. Ол өзінің ағартушылық, педагогтік, ақын – жазушылық тарихи қызметі мен зор талантын, жан – жақты терең білімі мен қайрат – жігерін елдің жас ұрпағына білім нәрін сусындатқан, оларды тәрбиелеуге, қазақ жерінде үлесін қосатын ұрпақ